

Облыс әкімі Ерік Сұлтановтың торағалығымен өткен кезекті аппараттық кенесте бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Соның бірі – коктемгі су тасқынына дайындық. [is generic cialis good](#)
[cheap sildenafil with 4 free cialis](#)
[cialis wholesale canada](#)
[order cialis on line](#)
[cialis pills side effect](#)
[cialis canada online pharmacy](#)
argaiv1900

Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Атығаев “Қазгидромет” республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аппаратына сүйене отырып, облыс аумағында түскен қардың көлемі орташа жылдық көрсеткіштен 120-210 пайызға асқандығын жеткізді.

– Су тасқынына топырақтың кату тереңдігі де мол әсер етеді. 2015 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда аудандарда топырақтың кату тереңдігі 15-тен 55 сантиметрге дейін артқан, – деді Нұрлан Атығаев.

Оңір басшысы аудан әкімдеріне су тасқынының алдын алуға бағытталған дайындық жұмыстарын бір айдың ішінде пысықтауды тапсырды.

– Өткен жылғы қорғанымыздан мол тәжірибе жинақтадық. Әр ауданды инженерлік, жол-күрылыс техникасымен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, жеткілікті көлемде құм салатын қап әкеліп, дайындық жұмысына қажет қаражатты бөлініздер, – деді Ерік Сұлтанов.

Аппараттық кенесте “ЭКСПО – 2017” халықаралық көрмесіне дайындық барысы да айтылды. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Құралай Жарова көрмеге барудың 93 күнге арналған кестесі әзірленгендігін айтты. Осы күндер ішінде 136 мың адамды жіберу жоспарланып отыр. Олардың 60 мыңы оқушылар, студенттер, зейнеткерлер, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобы. Жетім және аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар көрмеге бюджет қаржысы есебінен жіберіледі. Бұдан басқа, жастар бастамалары орталығымен бірлесе көрмеге қатысатын 180 ерікті тандалыпты.

Олар 3 айлык окыту курстарына жіберілмек.

Жергілікті “Прогресс” туристік фирмасы онір тұргындары мен Ресей Федерациясынын (Корган, Омбы, Түмен) шекаралас облыстары үшін туристік бағытты дайындады. Ол кормеге келушілерге ұсынылатын туристік бағыттар реестріне енгізілген.

Облыс әкімінін

баспасоз қызметі.